

Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 9 қаңтардағы № 42/15 "2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданы Тимирязев ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер және толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 қарашадағы № 49/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 қарашада № 6694 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тимирязев аудандық мәслихатының "2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданы Тимирязев ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 9 қаңтардағы № 42/15 шешіміне (2020 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5927 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданы Тимирязев ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерінде бекітілсін:

1) кірістер – 139253,9 мың теңге:

салықтық түсімдер – 27 650 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 111603,9 мың теңге;

2) шығындар – 145593,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 71567,6 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 71567,6 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 77904,4 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 77904,4 мың теңге:

қарыздар түсімі – 71567,6 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 6 336,4 мың теңге.";

келесі мазмұндағы 2-1-тармағымен толықтырылсын:

"2-1. Республикалық бюджеттен Тимирязев ауылындағы көшелерді жарықтандыруды ағымдағы жөндеуге 5921,5 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер бекітілсін.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

Б.Дюсембаев

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С.Мустафин

Тимирязев аудандық мәслихатының

2020 жылғы 16 қарашасы

№ 49/2 шешіміне

қосымша

Тимирязев аудандық мәслихатының

2020 жылғы 9 қаңтардағы

№ 42/15 шешіміне

1-қосымша

2020 жылға арналған Тимирязев ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	139 253,9
1			Салықтық түсімдер	27 650
	01		Табыс салығы	9 400
		2	Жеке табыс салығы	9 400
	04		Меншікке салынатын салықтар	18 250
		1	Мүлікке салынатын салықтар	850
		3	Жер салығы	1 500
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	15 900
4			Трансферттердің түсімдері	111 603,9
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	111 603,9
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	111 603,9

Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-лама-лардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың тенге)
			2) Шығындар	145 593,7
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 0 191,5
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 0 191,5
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 0 191,5
4			Білім беру	201
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	201
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	201
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 4 681,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 4 681,1
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	7 521,5
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 374
		014	Елді-мекендерді сумен жабдықтауды ұйыдастыру	1 5 885,6
12			Көлік және коммуникация	9 0 332,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 0 332,4
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда ,ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 800
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	8 5 532,4
13			Басқалар	9 997,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 997,3
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	9 997,3
15			Трансферттер	90,4

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	90,4
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	90,4
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	7 1 567,6
			Бюджеттік кредиттер	7 1 567,6
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	8 035
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8 035
		014	Елді-мекендерді сумен жабдықтауды ұйыдастыру	8 035
12			Көлік және коммуникация	6 3 532,6
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 3 532,6
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	6 3 532,6
			4) Қаржылық активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 7 7 904,4
			6) Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	7 7 904,4
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7			Қарыздар түсімдері	7 1 567,6
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	7 1 567,6
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	7 1 567,6
8			Пайдаланатын бюджеттік қаражат қалдығы	6 336,8
	01		Бюджеттік қаражат қалдығы	6 336,8
		1	Бос бюджеттік қаражат қалдығы	6 336,8